

ӘОЖ 373.2:78

**Султанова Нургуль Камильевна**

педагогика ғылымының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ.

e-mail: [wrach100@mail.ru](mailto:wrach100@mail.ru)

**Оспанова Бибигуль Канатовна**

аға оқытушысы, магистр, Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қ.

e-mail: [sandorik84bk@mail.ru](mailto:sandorik84bk@mail.ru)

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

*Мақалада қазіргі замандағы музыка мұғалімінің көркем мәдениетінің қалыптасуы мен білім беру сапасын көтеру мәселесі қозғалған. Қазіргі замандағы музыка мұғалімінің көркем мәдениетінің қалыптасу проблемасы болашақ педагогтерді даярлаудың аспектісі ретінде алынды. Дәл осы процесс мұғалім тарапынан ерекше назар аударуды және біліктілікті қажет етеді.*

*Сондықтан қазіргі замандағы музыка мұғалімінің көркем мәдениетінің қалыптасуын қарастыру керек. Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. «Педагогтік шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Мұғалім шеберлігі жайлы жазылған дайын қағида жоқ, болуы да мүмкін емес. Адамның өзіне-өзі өмір бойы қоятын және оған әрдайым жауап іздейтін санаулы сұрақтары болады екен. Мектептің оқу-тәрбие деңгейін көтеруде қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға екендігі, ақпаратты кешендерді пайдалану тиімділігі сөз етіледі. Қазіргі мұғалімнің көркемдік мәдениеттілігі мен педагогикалық компетенттігі оның кәсіби білімінің деңгейімен жеке басының қабілеті және тәжірибесімен, өзбетімен білім алуға ұмтылысымен, кәсіби-педагогикалық қызметке шығармашылық тұрғыдан қарастырылады. Музыка мұғалімінің көркемдік мәдениетін қалыптастыру құрылым жолдары мен мазмұнын пайдаланудың нәтижелері талданады.*

**Кілтті сөздер:** *Ұстаз, Педагогтік шеберлік, Қазіргі заман мұғалімі, Қазіргі мұғалімнің көркемдік мәдениеттілігі мен педагогикалық компетенттігі, Қазіргі музыка мұғалімінің әдістемелік жұмысының сапасы*

*В статье затронуты вопросы формирования художественной культуры современного учителя музыки и повышения качества образования. проблема формирования художественной культуры современного учителя музыки была взята в качестве аспекта подготовки будущих педагогов. Именно этот процесс требует особого внимания и квалификации со стороны учителя.*

*Поэтому необходимо рассмотреть формирование художественной культуры современного учителя музыки. Для этого необходимо педагогическое мастерство, соответствующее сегодняшнему учебному процессу. "Педагогическое мастерство – это не талантливый талант, а результат изучения, поиска. Нет готового принципа, написанного о мастерстве учителя, не может быть. У человека есть считанные вопросы, которые он ставит в себе всю жизнь и всегда ищет ответ на него. В повышении учебно-воспитательного уровня школы речь идет о том, что современный учитель – духовно развитый и социально зрелый специалист, умелый владеющий всеми видами педагогических средств, творческая личность, стремящаяся к постоянному самосовершенствованию, эффективность использования информационных комплексов. Художественная культура и педагогическая компетентность современного учителя с уровнем его профессиональных знаний, личностными способностями и опытом, стремлением к самообразованию, творческим подходом к профессионально-педагогической деятельности. Анализируются результаты использования структуры и содержания формирования художественной культуры учителя музыки.*

**Ключевые слова:** *учитель, педагогическое мастерство, современный учитель, художественная культура и педагогическая компетентность современного учителя, качество методической работы современного учителя музыки*

*The article deals with the formation of the artistic culture of the modern music teacher and improving the quality of education. the problem of the formation of the artistic culture of the modern music teacher was taken as an aspect of the training of future teachers. It is this process that requires special attention and skills from the teacher.*

*Therefore, it is necessary to consider the formation of the artistic culture of the modern music teacher. This requires pedagogical skills corresponding to today's educational process. "Pedagogical skill is not a talented talent, but the result of studying and searching. There is no ready-made principle written about the skill of the teacher, can not be. A person has a few questions that he puts in himself all his life and is always looking for an answer to it. In improving the educational level of the school, we are talking about the fact that the modern teacher is a spiritually developed and socially Mature specialist, skilled in all kinds of pedagogical tools, a creative person who strives for constant self-improvement, the effectiveness of the use of information systems. Art culture and pedagogical competence of the modern teacher with the level of his professional knowledge, personal abilities and experience, desire for self-education, creative approach to professional and pedagogical activity. The results of the use of the structure and content of the formation of the artistic culture of the music teacher are analyzed.*

**Key words:** *teacher, pedagogical skill, modern teacher, art culture and pedagogical competence of modern teacher, quality of methodical work of modern music teacher*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев "Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр" деген болатын. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады. Ұстаздың осыншама қадір-қасиет, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен,

жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке де, ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге.

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: Жай мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді, Керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады,- дейді. Білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені қазіргі жас буын - еліміздің келер күнгі келбеті.

Бұл жөнінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру»,- деген тұжырым жасады?! [1].

Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. «Педагогтік шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Мұғалім шеберлігі жайлы жазылған дайын қағида жоқ, болуы да мүмкін емес. Адамның өзіне-өзі өмір бойы қоятын және оған әрдайым жауап іздейтін санаулы сұрақтары болады екен. Мен үшін сол мәңгі сұрақтың бірі де біре-гейі - Мұғалім деген кім?

Алдымен осы сұрақтың жауабын тағы да бір айқындап бағайық. Мұғалімге тән ең бірінші қасиет – баланы құрметтеу. Оның адамшы-лық ар-ожданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай силау, құрмет тұту. Бұл мұғалімнің терең дүниетанымы мен үлкен жүрегінен келіп шығады.

Ал, ХХІ ғасырдың нағыз ұстазы қандай болмақ керек? Әрине, ол өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу керектігі айтпаса да түсінікті. Бұл - әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет. Сондай-ақ ұстаз күнбе- күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі кездейсоқ жайттардың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға дайын болуға тиіс. Сондықтан да ұстазды әр баланың жандүниесін танып-білуші әрі оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады.

«Ұстаз» сөзінің 2 түрлі сипаты бар. Бірі – белгілі пәннен сабақ беретін оқытушы да, екіншісі – жоғары беделді адамдарға ықпал етуші дана адам. Мектептегі ұстаз – баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы. Оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағаттықты кешіре біледі. Оның бойындағы білім мен ақыл, ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейтіп, ержеткізеді. Сондықтан әрбір шәкірт өзіне үлгі-өнеге болған сүйікті мұғалімін ұстазым деп атайды.

Осы тұста Абайдың: Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға,- деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірт озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе?! [2]

Қазіргі білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты проблема – жаңа формацияның жаңа ұстазын қалыптастыру. Жаһандану дәуірі – әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі де болғандықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Елбасымыз: "Біз білім-ғылым саласында бәсекеге қабілетті болмасақ, өз мақсатымызға жете алмаймыз. Барлығы мектептен, ал

Қазақстан үшін ауыл мектебінен басталады", - деген болатын?! [3].

ХХІ ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азаматты тәрбиелеу- әр мұғалімнің міндеті. Мұғалім – барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі. Мұғалімнің негізгі басты мақсаты - рухани бай, іздемпаз, адамгершілігі мол адамды қалыптастыру болып табылады. Қазіргі заманғы мұғалімдер информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болу керек. Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін-өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру, білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау-бүгінгі таңдағы мұғалімінің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті.

Мұғалімінің өзі жеке тұлғаға көтерілмей, мұндай зор мақсатқа жетуі мүмкін емес Елбасымыз Н. Назарбаев: «Ұстаздықтың алдына қойған міндет өте ауқымды: білім жүйесін іштей қайта құру және сол арқылы бүкіл қоғамдағы ағарту жүйесінің барлық аймағын өзгерту. Ол үшін ішкі қайта құру қажет: құрылымдық, қызметтік, құндылық. Жаңа ұрпақ мұғалімдерінің, андрагогика мен акмеологияның, психологиялық-педагогика мен гумандық педагогиканың міндеті – білім жүйесінің ішінен қайта құрудың мүмкіндіктерін іздестіру. – адами рухани бастаулардың тазалығын тексеру. Мұнда этика мен адамгершілік дүниені біртұтас қабылдауға бағытталған рух философиясының рухани ісі. Ұстаз өзінің адамгершілік этикалық парызын орындауға тиіс. Білімді түрлендіруде, білім беру үрдісін реформалауда зерттеуші мұғалім жаңа формация мұғалімі ретінде орталық тұлға болып табылады [4].

Қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты» деген. Олай болса «Музыка мұғалім идеалы -

білімнің құндылығын айқын түсінетін, «мәдениеті жоғары адам», өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге қажеттілігі мол болуы тиіс деп ойлаймыз.

Сонымен бірге қазіргі заман мұғалімінің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғы шарты болып табылады.

Ұстаздың кәсіби шеберлігінің негізі, біріншіден, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық наным. Екіншіден, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан жақты, терең дайындықпен баруы, оқушылар бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі. Үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін міндетті түрде меңгеру.

Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет. Күнделікті іс тәжірибеде мұғалімнің кәсіптік білімін көтеруіне мектеп ішінде де жағдай жасау керек. Ол үшін мектепте ғылыми әдістемелік кеңес пен бірлестіктердің және зертханалардың жұмыс істеуі тиіс. Бүгінгі өмір талабына сай ұстаздардың біліктілігі мен білімділігін шыңдап отыратын жоғарыда атап өткен мәселелермен қатар, әр мектепте интернет жүйесі барлық сыныптарға қосылып жұмыс істеуі жөн шығар. Сондықтан да белгілі бір әдісті немесе іс шараларды іске асырмас бұрын мұғалімнің әдістемелік жұмысының мазмұнын анықтаған жөн. Ол үшін мұғалімнің жалпы мәдениеттілік даярлығы, әдістемелік, зерттеушілік, кәсіптік адамгершілік, тәрбиелік мәдениеті, диагностикалық және басқару мәдениетінің жиынтығы арқылы кәсіптік педагогикалық деңгейін зерттеу қажет. Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда мектептегі жеткіншектерге білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеру жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін ұстаздардың ғана жұмысы жемісті болмақ.

XXI ғасыр ұстазының тұлғасы мен іс әрекетін жүйелі ұғыну үшін оған жаңа теориялық методологиялық негізде талап

қойылуға тиіс. Осы жолдағы алғашқы қадам, ауыл мұғалімдерін арнайы әлеуметтік кәсіби топ деп қарай отырып, оларды зерттеу бағытында психологиялық педагогикалық және әлеуметтік ілімдердің біріктірілуі қажет. Міне, осындай жағдайларды ескере келіп, оның кәсіптік мәдениетінің өрістеуіне жан-жақты көмек, көңіл бөлу, жағдай жасалуын ескерген жөн. Жақсы мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп септеледі. Және солай болуға тиіс, Білім берудің мақсатын айқындау үшін Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн: "Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашынған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің кездейтін түпкі мақсаты — осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек"[5].

Сондықтан да ұстаз алдындағы басты міндет XXI ғасырдың есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танытын, төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, білімі жоғары, құқықтық құжаттық мәдениеті, білімді, жан жақты ақпараттандырылған заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады. Біздер, мұғалімдер, күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырғанымызды ойласақ, мұғалім мұратының қандай болатыны өзінен-өзі айқын. Осыған байланысты ұстазға тән мынадай сипаттарды даралап көрсетуге болады: - Дүниетанымдық көзқарасы, сенімі - Қызметке бейімділігі - Кәсіптік білімі мен біліктілігі - Қамқорлық көзқарас, сүйіспеншілік сезім - Ұйымдастырушылық қабілет - Заманға сай жаңашылдық Осындай даралық қасиеттер ұстаздық бақытқа жеткізеді. Бақыттың үлкені - өзінді-өзің тану. Ұстаз өзін-өзі қай уақытта таниды? Ол

алдындағы шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің азаматы болған сәтінен таниды. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың қазіргі жаңа технологиясын шебер терең меңгерген болғанда ғана білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Мұғалімнің бір ғана сыры - оның мамандығы. Бұл дүниеде теңдесі жоқ мамандық тек мұғалімге ғана лайық. Сондықтан ұстаз адам - кәсіби мамандығына құштар, оны жан-тәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнауы тиіс. Олай болса мұғалім еңбегінің сан қырлылығы осыдан өрбиді. Мұғалім адамның өз пәнін терең меңгеруі оның ең алғашқы қыры, кәсіби шеберлігін үздіксіз ұштай, шындай түсуі екінші қыры болмақ. Үшінші қыры - мұғалімнің тілді меңгеруі - тіл шеберлігі. Сөзді жетесіне жеткізе сөйлей білудің өзі - өнер. Себебі, тіл - тәрбие құралы. Төртінші қыры - байқағыштық сезімі-көрегендігі. Бесінші қыры - әр жүректі білім шұғыласымен нұрландырудың ең тиімді, ең төте жолын таба білетін жасампаздығы. Алтыншы қыры - жан-жақты дарындылығы. Жетінші қыры - үздіксіз, тынымсыз ізденімпаздығы. Сегізінші қыры - үлгі-өнегесі, мұғалім мәдениеті немесе педагогикалық әдеп-этикасы деуге болар еді. Себебі, мұғалімнің келбеті-сыртқы мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу мәдениеті үздіксіз жаңарып, өзгеріп, үнемі жаңа сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандықтың ең басты этикалық сапалық белгісі.

Ұстаздық киелі әрі өте көне мамандық. Адамзатты ежелден ойландырып, толғандырып келе жатқан, қоғамдық құрылыс өзгеріп жатса да, қажеттігін жоймайтын

маңызды мәселе-жас ұрпақты өмір сүруге дайындау. Бұл қиынның-қиыны. Себебі, әр адам-қайталанбас жеке тұлға. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеу керек. Ол нағыз ұстаздың қолынан келеді. Иә, бүгінгі күн мұғалімнің көп ізденіп, тынымсыз еңбектенуін, сабақ берудің амал-тәсілдерін жетілдіріп отыруды қажет етеді. Өйткені, білім мазмұны, оқыту үрдісі өзгерісті талап етуде. Ал ұстаздар алдында шешімін таппай жатқан проблемалар да баршылық. Пәндерге байланысты көрнекі құралдарды жаңарту, көбейту, толықтыру, дидактикалық материалдардың, әдістемелік көмекші құралдардың аздығы оқулықтар мазмұны мен сапасы алаңдатады. Сонымен қатар, білім сапасын арттыруда жаңа технологиямен тұрақты жүйелі, нәтижелі жұмыс істеу үшін мұғалім сабағына жан-жақты дайындалуы керек. Ол үшін мұғалімге еркіндік, шығармашылық ізденіс, көп еңбек қажет, ал ол үшін жағдай керек.

Тәрбие процесі мен таным әрекетінің қалыптасып дамуын іске асыруда ортақ мақсат, өзіндік тәрбие мен өзіндік білім алудың ролі ерекше. Өзін-өзі тәрбиелеу деп адамның белгілі мақсатқа бағытталған, өз сапасын жетілдіру арқылы, кемшіліктерінен арылу әрекеті. Сондықтан тұлғаның білімге ұмтылысы үнемі құпталып, жол көрсетіліп отырылуы тиіс. Осыдан кейін оқуға деген ынтасы, оған итермелейтін түрткісі, икемдейтін ерік қайраты пайда болады. Егер білімді меңгеруге оқуға өзі талпынбаса, ұмтылмайынша, өзіндік дара сапасын қалыптастырмайынша, білімге деген ізденісін тудырмайынша, оның адамгершілік, дүниетанымының қалыптасуы мүмкін емес. Әр адамның іштей рухани қалыптасуы ең алдымен өзінің ішкі сезімдерінің жұмысы бола тұрса да, оны тәрбие жұмыстары арқылы қанаттандырып, қолдап бағыт-бағдар беріп отыруға да байланысты - [6] деген С.Л.Рубинштейн.

Еліміздегі білімдендіру жүйесінің дамуының қазіргі кезеңінде жоғары мектеп оқытушысын дайындау педагогикалық қауымдастықтың назарын аударып отырған өзекті мәселелердің бірі.

Ұстаздың еңбегінің нәтижелі болып, өмірде кездесетін кез-келген, соның ішінде түрлі шиеленісті жағдайда, мәселенің дұрыс

шешімін таба білуі-жоғары мектеп оқытушысының педагогикалық білгірлігін көрсетеді. Педагогикалық білгірліктің құрамында білімдендіру, іс-әрекеттік, тәжірибелік, жеке-даралық компоненттерін бөліп қарастыруға болады. Олай болса, педагогикалық компетенттік деп- ұстаздық қызметті атқаруға жеткілікті білім, білік, тәжірибе дәрежесін сипаттайтын, жоғары мектеп оқытушысының іскерлік пен жеке-даралық қасиеттерінің мазмұндық сипатын айтуға болады.

Қазіргі мұғалімнің көркемдік мәдениеттілігі мен педагогикалық компетенттігі оның кәсіби білімінің деңгейімен жеке басының қабілеті және тәжірибесімен, өзбетімен білім алуға ұмтылысымен, кәсіби-педагогикалық қызметке шығармашылық тұрғыдан қарауымен анықталады. Осы айтқандарды саралай келе

жоғарыда берілген анықтаманы толықтырып былай деуге де болады еп есептейміз: Педагогикалық қызметті жақсы орындауға және тиімді нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке басының ерекшеліктеріне сүйене отырып дамыйтын оқытушының жалпы және кәсіби мәдениетін, кәсіби маңызы бар жеке-дара қасиеттерінің жиынтығын педагогикалық білгерлік деп атаймыз. Себебі, біздің ұйғаруымызша, осы қасиеттер жоғары мектеп оқытушысының өз қызметінде үлкен жетістіктерге жетуіне кепілдік бере алады [7].

Сонымен қоса, музыка мұғалімі тұлғасының бойына ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениетті қалыптастыру қажет. Осы жоғарыда аталған музыка мұғалімнің көркемдік мәдениетін қалыптастыру барысында біз мынадай құрылым жолдары мен мазмұны туралы кестені төменнен көре аласыздар:

**Кесте 2. Музыка мұғалімнің көркемдік мәдениетін қалыптастыру құрылым жолдары мен мазмұны**

Музыка мұғалімнің көркемдік мәдениетін қалыптастыру құрылым жолдары мен мазмұны	
<b>Сырт көрінісі</b>	• Сыртқы келбеті, манерасы, жүрісі, сөйлеу мәнері, дауысы, ымдай білуі, мимикасы, киімі, шашының сәндік үлгісі.
<b>Ішкі дүниесі</b>	• Интеллект, ойлау әдісі, ой- түйін жасауы, мақсаттары мен оған жету жолдары, идеялары, қызығушылығы, эрудициясы.
<b>Кәсіби шеберлегі</b>	• Араласу формасы, күш-қуаттылығы, кәсіби шеберлігі, темпераменті, әдеті, темпі, икемділігі, иілімділігі, анықтылығы, нақтылығы, т.б.

Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. XXI ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев "Ғасырлар тоғысы" атты ғылыми еңбегінде "Тәрбиенің түп мақсаты- қоғамның нарықтық қарым- қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, XXI ғасырды құрушы

іскер, өмірге икемделген, жан- жақты мәдениетті, жеке тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру"- деп тұжырымдама жасаған болатын. Осы орайда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі - жеке тұлғаны тәрбиелеуде, жан- жақты дамытуда, білім беруде ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыс істеуге қаблетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани бай адамдарды, қазіргі музыка мұғалімнің көркем мәдениетін тәрбиелеп қалыптастыру болып табылады. Олай болса, болашақ жастарды қазіргі заманауи ағымдарға тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты қазақстан халқына жолдауы //Егеменді Қазақстан.– 2012.– 15-желтоқсан
2. Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер . – Алматы: Атамұра, 2005. -224 б.

3. Қазақстан республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақты бірге құрамыз» атты қазақстан халыққа жолдауы //Егеменді Қазақстан.– 2011.–29-қаңтар 3 Қазақстан республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық модернизация Қазақстанның дамуының негізгі векторы» атты қазақстан халыққа жолдауы //Егеменді Қазақстан.– 2012.– 28-қаңтар
4. Қазақстан Республикасы □ Білім туралы □ Заңы. //Алматы: Юрист, 2007.– 42 б.
5. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса — Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл
6. Рубинштейн С.Л. Педагогические условия освоения учителями идей гуманитаризаций образования в системе повышения квалификаций: автореф. дисс.канд.пед. наук. / С.Л. Рубинштейн –Волгоград -2004г. -21с.
7. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. //Егеменді Қазақстан.– 2004.–3 б.

**Султанова Нургуль Камильевна**

**Лауазымы:** «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент, Қазақ инновациялық гуманитарлық -заң университеті.

**Почталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қарқаралы, 24-256

**E-mail:** [wrach100@mail.ru](mailto:wrach100@mail.ru)

**Ұялы тел.:** 87083905146

**Оспанова Бибигуль Канатовна**

**Лауазымы:** «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, магистр, Қазақ инновациялық гуманитарлық -заң университеті.

**Почталық мекен-жайы:** 071410, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Утепбаев көш., 50В-30

**E-mail:** [sandorik84bk@mail.ru](mailto:sandorik84bk@mail.ru)

**Қазіргі замандағы музыка мұғалімінің көркем мәдениетінің қалыптасуы**

**Султанова Нургуль Камильевна**

**Должность:** заведующая кафедрой «Педагогика и психологии», к.п.н., доцент, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Каркаралинская, 24-256

**E-mail:** [wrach100@mail.ru](mailto:wrach100@mail.ru)

**Сот. тел.:** 87083905146

**Оспанова Бибигуль Канатовна**

**Должность:** старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

**Почтовый адрес:** 071410, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Утепбаева, 50В-30

**E-mail:** [sandorik84bk@mail.ru](mailto:sandorik84bk@mail.ru)

**Формирование художественной культуры современного учителя музыки**

**Sultanova Nurgul**

**Position:** head of the Department of pedagogy and psychology, PhD, associate Professor, Kazakh humanitarian and law innovation University.

**Postal address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Karkaralinskaya str., 24-256

**E-mail:** [wrach100@mail.ru](mailto:wrach100@mail.ru)

**Cell phone:** 87083905146

**Ospanova Bibigul Kanatovna**

**Position:** Senior lecturer of the Department of pedagogy and psychology, Kazakh humanitarian and legal innovation University.

**Postal address:** 071410, Republic of Kazakhstan, Semey, UL. Utepbaeva, 50B-30.

**E-mail:** [sandorik84bk@mail.ru](mailto:sandorik84bk@mail.ru)

**Formation of the artistic culture of a modern music teacher**